

10. Миронова С.А. Программа логопедической работы с заикающимися детьми// Программы .кольных .образов. учрежд. компенсирующего вида для детей с нарушениями речи. Коррекция нарушений речи /Автор-сост. Г.В.Чиркина. - М.: Просвещение, 2010. - С. 118-176.
11. Филатова Ю.О. Психолого-педагогические основы логопедической ритмики //Вестник Ленинград. гос. универ. им. А. С. Пушкина, 2011. - № 1. - Т. 3. Педагогика. - С. 99-111.
12. Волкова Г.А. Логопедическая ритмика. - М.: ВЛАДОС, 2002. - 272 с.
13. Филатова Ю. О. Психолого-педагогическая модель развития ритмических процессов у детей с речевыми расстройствами //Дефектология. - 2014. - №2. - С. 14-20.

Искакова М.Б, Серикова А.С.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

МОНТЕССОРИ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ БАЛА ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Мария Монтессори 1870 жылы дүниеге келіп, 1952 жылы өмірден өткен. Ол өзінің барлық өмірін ғылымға арнаған. Римдағы университеттің медицина факультетінде білім алған. Университете оқып жүріп, психиатрия бағытына аса назар аударған. Психикалық ауруға ұшыраған адамдардың ауру себептерін анықтауға талпынған, зерттеу жүргізген. 1896 жылы Мария Монтессори университетті бітіріп, сол уақыттағы бірден бір беделді Италияның әйел дәрігеріне айналды.

Монтессори - психиатр, психолог, тәжірибелі балалар дәрігері философ, ағартушы ғалым және педагог. «Оның педагогикалық әдісіне 10-нан аса кітап және 100-ден аса әр түрлі тілдерде мақалалар басылып шығарылған»[1].

Қай уақытта болмасын, қай елде болмасын М.Монтессоридің технологиясы қашанда құнды. Ол өзінің педагогикалық жүйесін 1907 жылы бастап, оның негізгі қағидаларын көрсеткен. Бұл әдіс ретінде қаралып, онда баланың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен өзіндік құндылықтарына баса назар аударылған. Балалар өз бетінше еркін оқуына болады деген тұжырым жасалған. «Адамның мадақтауы мен жазалауда білім алуы қауіпті деп сенген Монтессори педагогикасының негізгі принципі – балаға өзін-өзі тәрбиелеуге, өз бетінше оқуға, өз бетінше дамуға жағдай жасау. Әдістің ұраны: «Мұны менің өзімнің орындауыма көмектес»[2].

Монтессори педагогикасы әр баланың дарындылығына, қажеттілігіне, мүмкіндіктеріне тоқталған. Бала өз жұмыс жасау ритмін және білім алу қабілетін айқындай алғанда ғана жақсы оқиды. Монтессори - балабақшасы жеке жұмыс жасауға, яғни өз-өзіне қызмет етуге үйретеді. Сондай-ақ, ең басты назарды дайын кеңістікте баланың қабылдау сезімін психологиялық қажеттіліктерге байланысты дамытуға мүмкіндік жасауға аударған.

«М.Монтессори бойынша баланың тұлғалық даму үрдісі 4 деңгейге бөлінеді:

- Бірінші деңгей- (0-6 жас);
- Екінші деңгей- (6-12 жас);
- Жастық шақ- (12-18 жас);
- Жасөспірім- (18-24 жас)

Монтессори ілімінің ережелері қандай қарапайым болса, беретін нәтижесі керісінше мол. Монтессори сыныпта парта мен үстелдер болмайды. Балалар еркін жүріп - тұрады. Біздің санамызда сыныптағы көрнекілік құралдары қолға ұстауға болмайтын, әдемілік үшін қойылатын мұражай жәдігерлері сияқты биікте тұратын. Ал Монтессори сыныбында құралдар баланың көз алдына қойылады: еңбекке үйрету материалдары бір жерге жинақталса, балалардың қол қимылын дамыту екінші орталыққа орналасады.

Монтессори ойыншықтары тек қана ағаштан жасалатын , экологиялық таза өнім. Бала оны аузына салса да еш зияны жоқ. Мұндай кабинетке арнайы монтессори маманы, яғни мұғалімі сабақ береді. Оның мақсаты - балаға шектеу қоймау. Алғысы келген ойыншықты алып, зерттеп, орнына қоюын ғана қадағалайды. Сондай-ақ бала өзі көмек сұраған кезде ғана

қол ұшын созады. Бұл әдіс баланың өз бетінше қимылдауына әсер етеді. «Мария Монтессори бұл туралы былай жазды: «Қандай жағдай болмасын, бала өзі көмек сұрағанша оған тиіспе. Ешқашан баланың көзінше бала туралы жаман айтпа. Баланың жақсы қасиеттерін дамытуға күш сал, сонда жаман қасиеттер біртіндеп азая түседі. Әр дамыту материалының орнын және оны дұрыс қолдану ережесін көрсет. Сенің көмегіңді қажет ететін балаға көмектесуге және оның сұрақтарына жауап беруге дайын бол. Қате жіберіп алып, оны қазір немесе сәлден соң түзете алатын баланы қадірлей біл. Демалып отырған немесе біреудің жұмысын бақылап отырған немесе қандай іс-әрекет жасағанын әлде жасайтынын ойлап отырған баланы қадірлей біл. Осы сәтте оны ешқашан басқа әрекет жасауға мәжбүрleme. Балаға жаңаны игеруге, бұрын бас тартқан материалдарды қалай дұрыс қолдану керектігін көрсетуден жалықпа. Қоршаған ортаны мейіріммен, шыдамдылық пен тыныштықпен, қайырымдылық пен махаббатпен толтыр. Ізденіс үстіндегі балаға өзінің көмек көрсетуге дайын екенінді көрсете біл, және басқа балаларға оны білдіртпе»[3].

«Монтессори әдісі үш негізгі бөлімнен тұрады: бала, қоршаған орта, ұстаз.

Монтессори әдісінің мақсаты:

- балаларды еркін тәрбиелеп, өмірге бейімдеу;
- өмірде өз мақсаты бар екенін қалыптастыру;
- балалардың өзінің үйреніп, өзін дамытуына жаңа мүмкіндіктер беру.

Монтессори бөлмесі 5 аймаққа бөлінген:

1. Сенсорлық аймақ.
2. Математикалық аймақ.
3. Күнделікті өмір жаттығулары аймағы.
4. Тілдік аймақ.
5. Ғарыштық аймақ» [4].

Сенсорлық даму аймағы. Бұл аймақта бала қоршаған ортаны зерттеуде өзінің сезімдерін қолдана білуге үйренеді - осындағы материалдар арқылы өзінің көру, сипап сезу, иіс, дәм сезу, есту сезімін жетілдіреді, жаттықтырады.

Математикалық бейнелер. Сенсорлық материалмен жұмыс істеп, логикалық ойлауды үйренген соң бала еш қиындықсыз өзіне таныс ұғымдарды математикалық терминдерге айналдыра бастайды.

Тілді дамыту аймағы. Балаға тілін дамытуға арналған тиісті материалдар қажет. Берілген аймақта жазуға маторлық дайындық, фонетикалық естудің дамуы, жазу мен оқуға үйрету қарастырылады. Бұл жерде бала өзінің сөздік қорын кеңейтуге, әріптермен танысуға, саусағымен қиынырақ әріптерді салуға, манна жармасында сурет салуға, сондай-ақ, жылжымалы әліпби арқылы сөздерді қоюға үйренеді.

Космос аймағы. Бала жұмыс істегісі келетін аймақты өзі таңдайды. Ол жалғыз өзі немесе басқа балалармен жұмыс істегісі келе ме, жоқ па, оны өзі біледі. Бала өзінің қарқынында жұмыс істейді. Монтессори әдісінде жарысқа түсу тіпті жоқ. Күтілетін нәтижелер:

- Заттардың көлемін, түсін, өлшемін, дыбысынан ажырата алады;
- Алдына қойған мәселені шешуге үйренеді;
- Өз бетінше жұмыс жасауға машықтанады;
- Дәстүрлі және дәстүрлі емес түрлерін қолданады;
- Сенсорикалық танымдық қабілеттерін дамытады;
- Сөздік қорлары, тілдері, ойлау қабілеттерін арттырады;
- Айналадағы заттық орта туралы түсініктері қалыптасады.

Жаңа заман баласының қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Жаңа заман баласы - бүгінгі қазақ қоғамының ұлттық қазынасы. Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесі де соншалықты жеміс болмақ. Осыған орай жаңа бағдарламалар білімдерді қабылдауға, оларды тиімді қолдануға қабілетті, ортаға мейлінше тез бейімделгіш тұлғасын қалыптастырудағы қоғамның, ата-аналар мен тәрбиешілердің талаптарын орындау мақсатын көздейді.

Монтессори педагогикасының феномені: даму жолындағы адамға түсетін кез-келген авторитарлық қысымды жоюға тырысу және де бала табиғатына шексіз сенім арту. Монтессори өзінің әдістемесін қалыпты табиғи жағдайда баланы бақылай отырып құрды.

Бала оқытушының әрекетін тура қайталай отырып, өмір талабына үйренуі мүмкін бе? Баланың мұндай жағдайда өзін жарыққа шығару мүмкіншілігі жоқ, сол себептен де баланың нақты табиғатын тану мүмкін емес. Біздің әріптестер әр уақытта оқу мен тәжірибе ала жүріп, білімдерін жетілдіруде. Әрбір баланың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру мақсатында біз монтессори жүйесінің негізгі принциптеріне еруге тырысамыз.

Монтессори білім ортасында балалар өмірге қажетті келесі төмендегі дағдыларды бойларына сіңіреді:

1. Өз бетімен жұмыс жасау қабілеті;
2. Шыдамдылық;
3. Өз бетінше шешім қабылдап оған жауапкершілікпен қарау;
4. Талапкерлік;
5. Қоршаған ортаны сыйлау.

Сонымен қатар:

- Өзінің таным белсенділігін дамыту
- Табиғи қабілеттерін дамыту
- Өзіне деген оң көзқарасын, сенімділігін, өзін-өзі бағалауын арттыру
- Әлеуметтік белсенділігінің артуы
- Оқып білуге деген сүйіспеншілігін арттыру сияқты, тұлға қасиеттері қалыптасады.

М.Монтессоридің педагогикалық жүйесі көпшіліктің есебі бойынша әлемдегі ең үздік 10 педагогиканың бірі болса, көптеген мемлекеттерде ең таңаулы педагогика ретінде қалыптасқан. «Финляндия, Нидерланды және АҚШ-та Монтессори балабақшалары мен мектептері негізгі мемлекеттік оқу мекемелерінің құрамына енгізілген» [3].

Монтессори әдісін Қазақстанның кейбір білім беру орталықтарынан кездестіруге болады. Атап айтар болсақ, Шымкент, Алматы, Астана, Қарағанды қалаларының балабақша және дамыту орталықтарында қолданылу үстінде. Монтессори әдісін елімізде ең алғаш Астана қаласының «Жұлдыз» дамыту орталығы кеңінен қолданып, жақсы нәтижесін көруде.

Қазіргі уақытта италияндық педагог М.Монтессори әдісін бала тәрбиелеу және оның дербес тұлға болып қалыптасу жолында қосар үлесі мен берер пайдасы молынан екеніне көзіміз жетуде. Бұл әдіс республикамыздың барлық мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларына енгізілгенмен, толықтай жүзеге аспай отыр.

Ұрпақ тәрбиесі – әрқайсымызға жүктелген маңызды міндет. Үйдегі ата-анадан кейін балаға тәрбие мен бағдар беретін ол, біздер – педагогтар. Сондықтан да, біздің ойымызша, М.Монтессори әдісінің кеңінен қолданылып, оның дамуына өз үлесімізді қосуымыз керек.

Әдебиеттер

1. Антология гуманистической педагогики: Д.Дьюи, М.Монтессори, Я.Корчак/ Сост. А.И.Салов// Под ред. Г.Б.Корнетова. - АСОУ, 2009. – 248 с.
2. «Отбасы және балабақша» журналы 2013, №2.
3. «Түркістан» газеті, 2016ж., 25 тамыз №34.
4. <http://ustazbol.kz/>

Каратаева И.П.

Карагандинский государственный университет им. Е.А. Букетова

ВЛИЯНИЕ СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО КЛИМАТА НА ЛИЧНОСТЬ

От установившегося социально-психологического климата в коллективе зависят самочувствие личности, ее работоспособность и жизнеспособность. Индивид, оказавшийся в группе людей, охваченных радостным возбуждением, невольно заражается им, даже если до